

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Стамбекова Жазира Курманғалиевнаның «*Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау*» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

### ШҚІРІ

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының дами түсуі, оның динамикасының жаңа өзгерістерге бетбұрыс жасауы, еліміздің тұтас дамуындағы жаңа белестің көрініс табуын көрсетеді. Жаңа белестің негізі білімнің, жаңа технологиялардың, адамзат санасының жаңаша ойлау мүмкіндіктерінің тізгіні болатын инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттің қолданысқа түсуі бүгінгі күннің басты мәселесі екені белгілі. «Инновация» мен «жаңа технология» деген ұғымдардың өзара жігін ажырата тану, қазіргі инновациялық үдерістің, инновациялық әрекеттің болмысын ақпараттық технологиялар мен алмастыру бар екенін көрсетеді. Өйткені жаңа технологиямен жұмыс жасаған адам инноватор болмайтыны белгілі, басты мәселе мамандардың инновациялық ойлау дағдысын меңгеруінде, инновациялық әрекет ету дағдыларының қалыптасуында екендігі анық. Бастауышта білім беру саласындағы инновациялық үдерістер, жоғары оқу орнында дайындалып жатқан болашақ бастауыш сынып мамандардың инновациялық әрекетке арнайы даярлануына тікелей байланысты. Бұл – білім беру саласындағы инновациялық үдеріс оның барлық деңгейінің өзара байланыстылығына тәуелді екенін көрсететін жарқын фактор. Бастауыш мектепте білім беру сапасы жоғары оқу орындарында дайындалған бастауыш сынып мұғалімінің біліміне, инновациялық даярлығына, когнитивтік-танымдық деңгейіне, мәдениетіне, жеке тұлғалық болмысының рухани байлығына тәуелділігін арттырады. Осы мақсатта ғылыми жұмыстың болашақ бастауыш сынып педагогтерінің инновациялық әрекетке даярлау мәселесінің көтерілуі зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Докторант өз зерттеуінде Қазақстандық білім беру жүйесінде инновациялық әрекетке даярлау мәселесін зерттеген ғалымдардың (Н.Н. Нұрахметов, Ш.Т. Таубаева, Қ. Қабдықайырұлы, Ж.Қ. Қараев, Р.А. Набуова, К.Ж. Бұзаубақова, бастауыш мектеп мұғалімін дайындау және инновация мәселелері Р.М. Қоянбаев, С.Р.Рахметова, Қ.Аймағамбетова, Ж.У.Көбдікова, Қ.А. Сарбасова, А.С. Амирова, Ә.Е. Жұмабаева, Б.А. Тұрғынбаева, Г.И. Уәйісова, Б.М. Қосанов, Ә.М. Мұханбетжанованың және тағы басқа көптеген) еңбектеріне шолу жасап, бастауыш мектепте оқыту әдістемесі және болашақ мамандар дайындаудың жаңа бағыттары бойынша дайындалған жаңа форматтағы ғалымдар Б. Баймұхаметов, А.А. Туралбаева, Б.Бекжанова, Б.Т. Барсай, М.Н. Оспанбекова, Э.Уайдуллақызы, А.Н. Умирбекова және тағы басқа жас ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жасаған.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: *біріншіден*, педагогикалық,

психологиялық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «инновациялық әрекет» ұғымы «инновация» және «инновациялық үдеріс» ұғымдарын нақтылаған; *екіншіден*, инновация, инновациялық әрекет туралы арнайы білім мазмұнын игеру; педагогикалық инновациялық технологиялар туралы білім мен дағдылардың меңгеру; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгеру; педагогикалық инновацияларға сараптама жасай білу дағдыларын меңгеру; инновациялық идеяны тауып, дамытып, оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастырып, дамыту; инновациялық оқу-тәрбие жүйесін құра білу дағдыларын меңгеру сынды болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерін негіздеуге талпыныс жасаған; *үшіншіден*, зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; *төртіншіден*, «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасын, студенттерге арналған «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» оқу-әдістемелік құралын тәжірибеге енгізуімен іске асырған. Сондай-ақ, ғылыми-инновациялық әрекетті іс жүзінде жүзеге асырудың жолдары мен ұстанымдарын әзірлеп, білім алушыларға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында студенттерге арналған ғылыми-инновациялық портал жобасын ұсынған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

*«Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау»* диссертациялық жұмыс зерттеудің ғылыми теориялық-әдіснамалық негіздерімен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен әдістемені, арнайы курсты тәжірибеге енгізумен қамтамасыз етілген.

Автордың алынған нәтижелерін негіздеуіндегі негізгі тұғырлары болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың оқу әдістемелік кешенін дайындап, сол арқылы инновациялық әрекетке даярлау мазмұнын, оны жүзеге асырудың жолдарын айқындаған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық әрекетке даярлаудың әдістемесінің жасалуы зерттеу жұмысының практикалық мәнділігін арттыра түседі.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану білім алушылардың қазіргі заманауи әдістерге қызығушылығын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық әрекетке даярлаудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, яғни инновациялық әрекетке қатысты және болашақ бастауыш сынып

